

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №1 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1

**Өткізілген күні:** 10 қыркүйек 2024 жыл

**Өткізілген орны:** Музыка залы

**Қатысқандар:** Төрайымы – И.К.Байсултанова

Хатшы – А.М.Жанахмет

Комиссия мүшелері

## КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту.
2. 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жөніндегі нормативтік құжаттармен таныстыру.

## ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы И.К.Байсултанова сөз алып, 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын таныстырды. Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, жауапкершіліктері туралы ақпарат берілді. Кеңес жұмысының негізгі мақсаты педагогтердің кәсіби әдеп қағидаларын сақтауына ықпал ету, педагогикалық ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру және педагог мәртебесін көтеруге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру екендігі атап өтілді.

Комиссия мүшелері кеңестің жаңа құрамымен танысып, алдағы оқу жылында бірлесе жұмыс атқаруға дайын екендіктерін білдірді.

## ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Кеңес мүшелері өз жұмыстарын қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізсін.
3. Кеңес жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында жоспарлы жұмыстар тұрақты жүзеге асырылсын.

Екінші мәселе бойынша хатшы А.М.Жанахмет 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогикалық әдеп қағидаларын насихаттау, жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету, әлеуметтік желілердегі педагог әдебі, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды зерттеу және жылдық қорытынды шығару мәселелері қамтылғаны айтылды.

Комиссия мүшелері жоспарды талқылап, оның білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес жасалғанын атап өтті. Жоспарға енгізілген іс-шаралардың өзектілігі мен маңыздылығы туралы пікірлер айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспарда көрсетілген іс-шаралардың уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін.
3. Жұмыс жоспарының орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

Үшінші мәселе бойынша төрайым И.К.Байсултанова педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жөніндегі нормативтік құжаттармен таныстырды. Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамалары, педагогтердің әдеп кодексі және педагогикалық қызмет барысында сақталуға тиіс кәсіби мінез-құлық нормалары түсіндірілді.

Кеңес мүшелері педагогтердің білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасында әдеп талаптарын сақтау маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде педагог мәртебесіне сай әрекет ету, қызметтік әдепті сақтау және кәсіби жауапкершілікті арттыру мәселелері қарастырылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жөніндегі нормативтік құжаттар назарға алынсын.
2. Педагогтер арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Әдеп нормаларының сақталуына мониторинг ұйымдастырылсын.
4. Педагогтердің кәсіби этика талаптарын сақтауына бақылау күшейтілсін.

Кеңес төрайымы: И.К.Байсултанова И.К.Байсултанова

Хатшы: А.М.Жанахмет А.М.Жанахмет

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №2 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №2

**Өткізілген күні:** 18 желтоқсан 2024 жыл

**Өткізілген орны:** Музыка залы

**Қатысқандар:** Комиссия мүшелері

Төрайымы – И.К.Байсултанова

Хатшы – А.М.Жанахмет

## КҮН ТӘРТІБІ

1. Жас педагогтерге кәсіби әдеп талаптарын түсіндіру жұмыстарының қорытындысы.
2. Педагогтердің әлеуметтік желілердегі әдеп мәдениеті.
3. Педагогикалық әдеп мәселелері бойынша түскен ұсыныстар мен өтініштерді қарау.

## ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша төрайым И.К.Байсултанова сөз сөйлеп, оқу жылының алғашқы жартыжылдығында жас педагогтермен жүргізілген жұмыстардың қорытындысын таныстырды. Жас мамандарға педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру, қызметтік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және педагог мәртебесіне сай мінез-құлық нормаларын меңгерту бағытында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылғаны айтылды. Тәлімгерлік жұмыстардың нәтижесінде жас педагогтердің кәсіби бейімделуі мен ұжымға кірігу деңгейі жоғарылағаны атап өтілді.

Комиссия мүшелері жас педагогтердің кәсіби дамуына қолдау көрсету жұмыстарының маңыздылығын атап өтіп, бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты.

## ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жас педагогтермен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жас мамандарға әдістемелік және психологиялық қолдау көрсету жалғастырылсын.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Екінші мәселе бойынша хатшы А.М.Жанахмет педагогтердің әлеуметтік желілердегі әдеп мәдениеті туралы баяндама жасады. Баяндама барысында педагогтердің әлеуметтік желілерде жариялайтын ақпараттарының мазмұнына жауапкершілікпен қарауы, кәсіби беделді сақтауы және қоғам алдында үлгі бола білуі қажеттігі айтылды. Әлеуметтік желілердегі қарым-

катынаста этикалық нормаларды сақтау, жалған ақпарат таратпау және педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу мәселелері талқыланды.

Комиссия мүшелері педагогтердің цифрлық мәдениетін арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар білдірді.

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:


1. Педагогтерге әлеуметтік желілердегі әдеп нормаларын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Әлеуметтік желілерде педагогтің кәсіби имиджін қалыптастыру мәселелеріне назар аударылсын.
3. Цифрлық этика талаптарын сақтау тұрақты бақылауда ұсталсын.

Үшінші мәселе бойынша комиссия мүшелері педагогикалық әдеп мәселелері бойынша түскен ұсыныстар мен өтініштерді қарастырды. Кеңеске келіп түскен ұсыныстардың басым бөлігі ұжымдағы ынтымақтастықты нығайту, педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру және әдеп қағидаларын насихаттау бағытында болғаны атап өтілді. Өтініштер мен ұсыныстар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тиісті шешімдер қабылданды.

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Түскен ұсыныстар мен өтініштер назарға алынсын.
2. Ұсыныстарды іске асыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін.
3. Педагогикалық әдеп мәселелері бойынша кері байланыс жұмыстары тұрақты ұйымдастырылсын.
4. Ұжым мүшелерінің ұсыныстары алдағы жұмыстарды жоспарлау кезінде ескерілсін.

Кеңес төрайымы  И.К.Байсултанова

Хатшы  А.М.Жанахмет

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №3 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №3

**Өткізілген күні:** 14 наурыз 2025 жыл

**Өткізілген орны:** Музыка залы

**Қатысқандар:** Комиссия мүшелері

Төрайымы – И.К.Байсултанова

Хатшы – А.М.Жанахмет

## КҮН ТӘРТІБІ

1. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жағдайы.
2. Даулы жағдайлардың алдын алу және шешу жолдары.
3. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру мәселелері.

## ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша төрайым И.К.Байсултанова сөз сөйлеп, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жағдайы туралы баяндама жасады. Баяндама барысында педагогтер арасында өзара сыйластық, ынтымақтастық және кәсіби қолдау деңгейі талданды. Мектеп ұжымында қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыру бағытында жүргізілген жұмыстардың нәтижелері қарастырылды.

Төрайымның айтуынша, педагогтер арасында кәсіби қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан, ұжым мүшелері бір-біріне қолдау көрсетіп, білім беру процесінің сапасын арттыруға бірлесіп атсалысуда. Сонымен қатар педагогтердің эмоционалдық жағдайына көңіл бөлу, кәсіби күйзелістің алдын алу және жағымды психологиялық ахуалды сақтау бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді.

Комиссия мүшелері жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін талқылап, ұжымдағы қолайлы ахуалды сақтаудың білім сапасына оң әсер ететіндігін айтты.

## ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтер арасында өзара қолдау мен ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
3. Қолайлы психологиялық орта қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылсын.

Екінші мәселе бойынша комиссия мүшесі Г.Каримова даулы жағдайлардың алдын алу және оларды тиімді шешу жолдары туралы баяндама жасады. Педагогикалық ұжымда туындауы мүмкін келіспеушіліктердің себептері талданып, олардың алдын алу шаралары қарастырылды.

Баяндамашы кез келген мәселені заңдылық, әділдік және педагогикалық әдеп қағидалары негізінде шешудің маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар педагогтердің өзара қарым-қатынасында ашықтық пен сенімділікті сақтау, қызметтік этиканы ұстану және кәсіби пікір алмасу мәдениетін дамыту қажеттігі айтылды.

Комиссия мүшелері даулы жағдайлардың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын күшейту және кеңес беру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізді.

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Даулы жағдайлардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
2. Педагогтер арасында өзара сыйластық пен кәсіби қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
3. Туындаған мәселелерді педагогикалық әдеп талаптарына сәйкес шешу тәжірибесі жетілдірілсін.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Қасабулатова педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру мәселелері бойынша баяндама жасады. Ол педагогтердің ата-аналармен, білім алушылармен және әріптестермен қарым-қатынаста кәсіби этика нормаларын сақтауының маңыздылығын атап өтті.

Баяндама барысында педагогикалық ұжымда тиімді коммуникация орнату, кәсіби әдепті сақтау және жағымды жұмыс атмосферасын қалыптастыру жолдары талқыланды. Комиссия мүшелері педагогикалық әдеп талаптарын сақтау білім беру ұйымының беделін арттыруға ықпал ететін маңызды фактор екендігін атап өтті.

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
2. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
4. Кеңестің келесі отырысына дейін қабылданған шешімдердің орындалуы бақылауға алынсын.

Кеңес төрайымы: И.К. Байсултанова

Хатшы: А.М. Жанахмет

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №4 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №4

**Өткізілген күні:** 16 мамыр 2025 жыл

**Өткізілген орны:** Музыка залы

**Қатысқандар:** Кеңес мүшелері

Төрайымы – И.К.Байсултанова

Хатшы – А.М.Жанахмет

## КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024–2025 оқу жылындағы жұмыс қорытындысы.
2. Педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау деңгейін талдау.
3. 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттерді айқындау.

## ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы И.К.Байсултанова сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024–2025 оқу жылында атқарған жұмыстарының қорытынды есебін ұсынды. Есепте оқу жылы барысында өткізілген кеңес отырыстары, түсіндіру жұмыстары, профилактикалық іс-шаралар, семинарлар мен кеңестердің нәтижелері қамтылды.

Төрайым өз баяндамасында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша мектеп ұжымында жүйелі жұмыстар жүргізілгенін атап өтті. Оқу жылы ішінде педагогтердің кәсіби этика мәселелері бойынша құқықтық және әдістемелік сауаттылығын арттыруға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылып, ұжым мүшелеріне тұрақты түрде кеңестер берілгені айтылды. Сонымен қатар педагогтердің білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасында өзара сыйластық пен жауапкершілік қағидаларын ұстануы тұрақты бақылауда болғаны жеткізілді.

Комиссия мүшелері кеңестің жылдық жұмысына оң баға беріп, атқарылған іс-шаралардың педагогикалық ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық ахуалды сақтауға ықпал еткенін атап өтті.

## ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жылдық жоспар бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы назарға алынсын.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын насихаттау жұмыстары алдағы уақытта да жалғастырылсын.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Қасабулатова педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Мониторинг барысында педагогтердің кәсіби қызметіндегі әдеп нормаларын сақтау жағдайы, қызметтік мәдениеті, білім

алушылармен және ата-аналармен қарым-қатынас ерекшеліктері қарастырылды.

Талдау қорытындысы бойынша педагогтердің басым бөлігі кәсіби этика талаптарын сақтайтыны, өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтыны және педагог мәртебесіне сай мінез-құлық танытатыны анықталғаны айтылды. Сонымен қатар әлеуметтік желілердегі мәдениет, құжаттармен жұмыс жүргізу тәртібі және қызметтік қарым-қатынас мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажеттігі атап өтілді.

Комиссия мүшелері педагогтердің кәсіби беделі мен этикалық мәдениетін арттыру білім беру ұйымының дамуындағы маңызды бағыттардың бірі екендігін айтты.

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау деңгейі жақсы деп бағалансын.
2. Әдеп нормаларын сақтау бойынша мониторинг жұмыстары келесі оқу жылында да жалғастырылсын.
3. Педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде өткізілсін.

Үшінші мәселе бойынша комиссия мүшелері 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттерді талқылады. Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру жұмыстарын жетілдіру, жас педагогтермен жұмысты күшейту, ұжымдағы өзара сыйластық пен ынтымақтастықты дамыту, педагогтердің цифрлық мәдениетін арттыру және кәсіби қарым-қатынас әдебін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізді. Сондай-ақ педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған кездесулер ұйымдастыру, тәжірибе алмасу алаңдарын құру және педагогикалық әдеп мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттігі атап өтілді.

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын әзірлеу тапсырылсын.
2. Педагогтердің кәсіби және этикалық мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша профилактикалық және түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.
4. Ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды сақтау тұрақты бақылауда ұсталсын.
5. Осы хаттамада қабылданған шешімдердің орындалуы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің бақылауына алынсын.

Кеңес төрайымы:  И.К. Байсултанова